Көптеген ет тағамдарында ылғал мөлшері біркелкі мол болады, ол еттің сапасына, тағамдық құндылығына әсер етеді. Ылғал мөлшері шикізат түріне, еттің категориясы мен сортына, дайындау рецептурасына және технологиялық өңдеудің тәртібі мен режиміне қарай өзгеріп отырады. Еттің құрамындағы ылғал ондағы биохимиялық процестердің жүруіне, сақтау мүмкіндігін анықтауда, микробиологиялық т.б. үрдістерде маңызды қызмет атқарады.

Өнімнің тағамдық, тауарлық құндылығы, сақтау кезіндегі тұрақтылығы және т.б. ет құрамындағы ылғалдың мөлшерімен тікелей байланысты. Ылғал денедегі тұрақсыз заттардың бірі болып есептеледі. Ол минералдық және органикалық заттарды жақсы ерітеді. Зат алмасу кезіндегі жүретін реакциялардың негізгі ортасы болып табылады. Ылғалдың көмегімен торшадағы, ұлпадағы химиялық заттар өзіндік қосылыстар түзеді. Еттегі сутек ионы концентрациясының өзгеруін реттеп отырады. Ет құрамындағы ылғал мөлшері кептіру кезінде сынама массасының кемуі арқылы анықталады.

Ет және ет құрамындағы минералды заттар күлдендіру арқылы анықталады. Күл органикалық заттарды муфель пешінде жағудан қалған заттың минералды бөлігі.

Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, бұл саладағы зерттеулер өзекті болып табылады.

Зерттеу мақсаты – ауыр металл тұздарының ірі қара мал етінің химиялық құрамына тигізетін әсерін анықтап, ветеринарлық-санитарлық бағасын беру.

Еттің химиялық құрамы Алматы қаласы, Қазақ Тағамтану Академиясының зертханасында орындалды.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Жүргізілген тәжірибеде ауыр металл тұздарының ірі қара мал етінің химиялық құрамына тигізетін әсерін анықтау мақсатында сойыс малдары 2 топқа бөлінді: бірінші топқа – Қарашығанақ аймағындағы Березовка елді-мекенінен, ал екіншісі – таза аймаққа Таскала ауданындағы «Ізденіс» шаруашылығынан мүйізді ірі қара еті алынды.

Мүйізді ірі қара ұшасын ветеринарлық-санитарлық сараптау барысында алдымен сезімдік қарау жүргізілді. Сынама алу әдісі және органолептикалық әдіспен балаусалығын анықтау 7269-79 МЕМСТ-қа сәйкес анықталды [6].

Еттің химиялық құрамын келесі әдістермен анықтадық: ылғалдылықты 180-200 °С температурада 25-30 минут кептіріп, ылғал мөлшерін формула бойынша есептедік, ет құрамындағы белокты жалпы азот пен ақзатсыз азот мөлшерінің айырмашылықтары бойынша, азотты белокқа қайта есептеу коэффициентін ескеріп, белоктық азот бойынша Кьелдаль әдісімен анықтадық, май мөлшерін Сокслет аспабымен анықтадық, бұл әдіс Сокслет аппаратында кептірілген майды ұшпа ерітінділермен экстракциялағанның соңында еріткіштерден арылтып, майды тұрақты массасына дейін кептіруге негізделген. Минералдық заттарды күлдендіру арқылы, яғни, органикалық заттарды муфель пешінде жағып, күлдің мөлшерін формула бойынша есептедік [5].

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелеріне байланысты аймақтардан алынған мүйізді ірі қара ұшасының химиялық көрсеткіштеріне тексеру жұмыстарын жүргіздік. Зерттеу нәтижесінде еттің химиялық құрамы салыстырмалы түрде анықталды (1 кесте).

1 кесте – Мүйізді ірі қара етінің химиялық құрамының көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Бақылау тобы: Таскала ауданынан алынған МІҚ еті (n=5)	Тәжірибе тобы: Қарашығанақ аймағынан алынған МІҚ еті (n=5)
Ақуыз %	18,6	18,9
Май %	16,0	15,4
Ылғалдылығы %	64,5	64,8
Күл %	0,9	0,9
Энергетикалық құндылығы, ккал/100 г	218	214


Жоғарыдағы кестені қорытындылай келе, зерттеу нәтижесі бойынша ақуыз қалыпты жағдайдағы бақылау тобында 18,6 % болса, ал тәжірибе тобында 18,9 % болды, яғни, бақылау тобымен салыстырғанда 1,5-ке жоғары екендігін байқадық.

Май мөлшері бақылау тобында 16,0 % құрады, ал тәжірибе тобы 15,4 % екенін анықтадық. Яғни, 3,75-ке төмен.

Ылғал мөлшері бақылау тобында 64,5 % көрсетті, тәжірибелік топта 64,8 % болды, демек, бақылау тобымен салыстырғанда 0,5-ке жоғарылағанын көрдік.

Күл мөлшері екі аймақтан алынған мүйізді ірі қара еттерінде де 0,9 % құрады. Қорыта келгенде аймақтардан алынған мүйізді ірі қара етіндегі ылғал мөлшері қалыпты көрсеткіш берді.

Еттің энергетикалық құндылығы таза аймақтан алынған мүйізді ірі қара етінде 218 ккал/г, ал ластанған аймақтан алынған мүйізді ірі қара еті 214 ккал/г құрады. Зерттеу нәтижесінде, еттің энергетикалық құндылығы бақылау тобымен салыстырғанда тәжірибелік топ мүйізді ірі қара етінде 1,9-ға азайғанын анықтадық.



1 диаграмма – Мүйізді ірі қара етінің химиялық құрамының диаграммасы, %

1 диаграммада көрсетілгендей мүйізді ірі қара еті химиялық құрамын анықтау барысында екі аймақта да ақуыз бен ылғалдылығы берілген мөлшерден жоғары көрсеткішті көрсетті. Сондай-ақ, күл мөлшері қалыпты деңгейде болса, май мөлшері азайған. Демек, майдың көп не төмен болуы еттің қоректілік және дәмдік сапасын төмендетеді, әрі аспаздық тұрғыдан да қиындық туғызады. Егер май бұлшық ет тканьдерінде белгілі бір арақатынаста болса, яғни ол ет ішінде қабаттасып орналасса, онда еттің дәмі мен аспаздық сапасы жақсара түседі. Сондықтан да еттің өте құнды, тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары екендігін ескере отырып, оның сапасы төмен болса, адам өмірі мен денсаулығына әсерін тигізетінін басты назарда ұстау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Б. Ысқақбаев Ірі қара шарушылығы. - Алматы «Қайнар». – 5-10 б.
- 2 Ветеринария журналы. – 2013. – №1 (29). – 56-61 б.
- 3 Шуклин Н. Ф. Ветеринарно-санитарная экспертиза, стандартизация и сертификация продуктов. - Алматы, 2002. – I том. – С. 51-53.
- 4 Ажмулдинов Е. А. Повышения эффективности производства говядины //Е. А. Ажмулдинов, Г. И. Бельков, В. И. Левахин /Оренбург, 2000. – С. 273
- 5 Қырықбайұлы С., Тілеуғали Т. М. Ветеринариялық-санитариялық сараптау практикасы. - Алматы, 2007. – 362 б.
- 6 МЕМСТ 7269-79. Ет. Сынама алу және органолептикалық әдіспен балаусалығын анықтау.
- 7 Агарков Н. Перспективы повышения эффективности молочного скотоводства //Н. Агарков /Молочное и мясное скотоводство. – 2001. – №5. – С. 2-4.

РЕЗЮМЕ

В статье проверен химический состав мяса крупного рогатого скота, взятого из природной зоны, сравнительно с химическим составом мяса КРС, взятого из загрязненной зоны. В результате исследования в химическом составе мяса КРС, взятого из загрязненной зоны, определены некоторые изменения.

RESUME

The article is relatively defined chemical composition of livestock meat, taken from the contaminated area with dose in meat livestock, taken from the natural area. As a result shows the changes in the chemical composition of meat cattle, taken from the contaminated zone in comparative form with the meat of cattle taken from natural area.

ӘОК 57,083.32:616.24-002.5

М. Г. Гусманов, ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,

Э. М. Куженов, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРА ТУБЕРКУЛЕЗІН ПОЛИМЕРАЗДЫ ТІЗБЕКТІК РЕАКЦИЯ ӘДІСІМЕН ЗЕРТТЕУ

Аннотация

Мақалада мүйізді ірі қара туберкулезі, ірі қара туберкулезімен күресу жолының жетістіктері және туберкулезді анықтауда қолданылатын заманауи әдіс – полимеразды тізбектік реакция туралы жазылған.

Ірі қара туберкулезіне қарсы қазіргі заманғы полимеразды тізбектік реакцияны қолдану арқылы ауруды болдырмау шараларының жүйесі көрсетілген.

Түйін сөздер: Полимеразды тізбектік реакция, туберкулез, туберкулин, ДНК фрагменті.

Зерттеу өзектілігі. Туберкулез – адам баласында ерте заманнан кесел болып келе жатқан аурулардың бірі. Атадан балаға мұраға қалдырған малдай тұқым қуалап, мындаған қыршын жастарды қызғалдағынан солдырып, талайларды өмір бойы мүгедек еткен аурулар арасында туберкулез алдыңғы қатарда орын алады.

Туберкулезбен тек адам ғана емес, малдар да т.б. ауырады. Үй жануарларының 50-ден астам, құстардың 20-дан астам түрі туберкулез ауруын тез қабылдайды. Малдың туберкулез ауруын тарататын негізгі ошақтарының бірі екендігі ғылыми жолмен де, тәжірибе жүзінде де дәлелденген.

Туберкулез – көбінесе созылмалы түрде өтетін, іріп ыдырауға бейім арнайы түйіншектердің – туберкулалардың әртүрлі мүшелер мен ұлпаларда түзілуімен сипатталатын барлық жануарлар түрінің және адамдардың жұқпалы ауруы.

Туберкулездің негізгі көзі – ауру жануалар. Сондықтан туберкулез күресу тәжірибесінде басты назар ауру жануарларды анықтап, оларды тез арада оқшаулауға аударады. Туберкулез ауруына жол бермеу ең алдымен ветеринарлық-санитариялық шаралардың белгілі бір жүйемен қолданылуына байланысты. Малды дұрыс азықтандыру, оның күтімін жақсарту, сондай-ақ мал шаруашылығындағы адамдарды туберкулезден сақтандыру жөніндегі арнаулы шараларды бұлжытпай орындау туберкулез ауруын жедел жоюға мүмкіндік туғызады [1].

Біздің республикамызда ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы дамыған, яғни малда туберкулез ауруының кең тарап отырғанын ескерсек, онда бұл салада жан-жақты профилактикалық шараларды жүзеге асыру қажеттігі назарда болуға тиіс [2].

Қазіргі кезде туберкулез ауруын дер кезінде анықтауда жүргізуде көптеген жетістіктерге қол жетуіне қарамастан, күні бүгінге дейін індет кең таралып отыр.

Қазақстан бойынша мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет салалары заман талабына сай жетіліп, қоғам дамуына елеулі үлес қосып келеді. Соның ішінде туберкулезге қарсы жаңа балау әдісімен (ПТР) мамандар қызмет жасауда.

Полимеразды тізбектік реакцияны 1983 жылы америка ғалымы Кэри Мюллис ойлап тауып, ақырында нобель премиясына ие болды. Қазіргі кезде ПТР – диагностикасы жұқпалы

ауруларды анықтауда ең нақты, әрі сезімтал әдіс болып табылады. ПТР әдісі арқылы тікелей клиникалық материалдағы (цервикалды арнадан алынған эпителиальды жасушалардың соскобтары, уретралар, көздердің, жұтқыншақтың артқы қабырғасының конъюнктивтері, зәр, шәует тұнбалары және т.б.) қоздырғышын анықтауға болады [3].

Полимераздық тізбек реакциясы (ПТР) молекула генетикалық экспресс зерттеу әдісімен тексеріледі, негізгі тексерілген табылған ДНК фрагменті қоздырғыш айқын анықталған түрде. Тек қана ПТР көз қарасты бөлісті және амплификация қайта-қайта қайталанбауында болады, өзіндік ДНК фрагменті қоздырғыш тексеретін пробиркада анықталады, электрофорездің көмегімен агарозды геледе және басқа әдіспен жасалады [4].

Ірі қара туберкулезі ПТР диагнозымен мынадай жағдайда қойылады:

- ірі қара малда – өзгерту арқылы және патологоанатомдық зерттеу кезіндегі көрінген қиыншылық нәтижесінде;

- сүт қоректі жануарлардың басқа түрлерінде – патологоанатомдық өзгерістерінен тәуелсіз болғанда;

- құстарда – көрінетін өзгерістердің болмауы немесе көрінген өзгерістердің өзіне тән анықтамасы кезінде [5];

Зерттеу мақсаты. Ірі қара туберкулезіне қарсы қазіргі заманғы Полимеразды тізбектік реакцияны қолдану арқылы ауруды болдырмау шараларының жүйесін жасау.

Зерттеу нысаны: Зерттеу Шыңғырлау ауданы "Ақжол" ЖШС-гі мен сол ауданның ветеринарлық зертханасында жүргізілді.

Материалдар мен әдістер. Ірі қара туберкулезін ПТР әдісімен анықтау үшін ең алдымен зерттелетін барлық малдардан қан сынамалары алынады. Сынамалар Шыңғырлау ауданы "Ақжол" ЖШС-гіндегі туберкулинге оң нәтиже берген 40 бас ірі қарадан алынды. Содан кейін, қан сынамалары Шыңғырлау ауданының лабораториясына жеткізіліп, сарысу бөлініп алынды. Зерттеуді ПТР бөлмесінде жүргіздік.



1 сурет – ПТР бөлмесінде жұмыс жасау кезінде

ПТР бөлмелері 3 зонадан тұрады:

1-ші зона – әкелінген материалды қабылдау бөлмесі. Бұл бөлмеде ДНК- ны бөлдік.

2-ші зона – ПТР қою бөлмесі, мұнда алдымен ПТР-ға қажетті реагенттер мен сынамаларды дайындадық.

3-ші зона – ПТР өнімдерін электрофорез арқылы талдадық.

Инфекциялардың тек асқынған түрлеріне ғана емес, сонымен бірге латенттік түрлеріне де диагностика жүргізуге мүмкіндік береді. Әдістің негізі *in vitro*-да әр түрлі ферменттерді

пайдаланып, ДНҚ-ң анықталған бөлігін көшіру болып табылады. Әдетте зерттеуде қандай да бір ағзаның идентификациясы төзімділік генінен, промотордан, сонымен қатар геннен болады.

Консервативті гендер, орташа консервативті гендер және төмен консервативті гендер бөлініп алынады. Консервативті гендер, бұл – эволюцияда ақырын ауысып тұратын тізбектілік. Консервативті гендер клетканың генетикалық аппаратын кодтайды. Ағзада консервативті гендерді талдай келе, біз ағзаны класс бойынша идентифицирлей аламыз. Орташа консервативті гендер – бұл, мысалы, үй шаруашылығының гендері. Орташа консервативті гендерді зерттеу арқылы ағзаның туыстасын анықтай аламыз. Сонымен қатар, төмен консервативті гендер (кератиндер) және күшті вариабельді гендер (МНС), олар бойынша ағзаның түрін де анықтауға болады.

Ірі қара қанынан ДНҚ-ны бөліп алу үрдісі Амплисенс «ДНК-сорб-Б» атты коммерциялық жиын көмегімен жүргізілді. 100 мкл *M. Tuberculosis* spp сынамасына 300 мкл лизирленген ерітіндіден құралған алдын ала дайындалған ерітінді және 10 мкл ВКО *Mycobacterium tuberculosis complex* қосылды. Сынамалар 65 °С 5 минутта лизиске ұшырады, кейін 25 мкл сорбент суспензиясы қосылды. Сорбент 5 мың айн/мин, 30 сек микроцентрифугада тұнбаланып, супернатант бөліп алынды. Бұдан кейін № 1 шайып алу үрдісі (300 мкл) және № 2 шайып алу (500 мкл) үрдістері орындалды. № 2 шайып алу үрдісін қайталадық.

Барлық процесс біткен соң дайын ДНҚ келесі зона – 2-ші зонаға жіберілді. Бұл зонада амплификация аяқталған соң, түтіктерді арнайы штативтерге орналастырдық. Амплификациядан кейін сынамаларды бөлме температурасында 16 сағатқа қойдық. Содан кейін, дайын өнімдерді 3-ші зонада детекцияладық.

ПТР-дін оң нәтижесі, туберкулез қоздырушысының белгілі түрінің (*M. bovis*, *M.tuberculosis* немесе *M. avium*) ДНҚ-сы жануардың ағзасында барын білдіреді.

Талдаудың теріс нәтижесі туберкулез қоздырушысының ДНҚ-сы (*M. bovis*, *M.tuberculosis* немесе *M. avium*) зерттеуге арналған жануарлардың материал жобаларында немесе алынған культурада жоқ болуын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. Нәтижесінде амплификация бағдарламасы жасалынды. Бұл бағдарламада 1 этап «денатурация» 90 °С 2 минут, 2 этап «жасыту» 62 °С 1 минут және 3 этап «элонгация» немесе «талдау» 70 °С 1 минут болды.

Реакциондық қоспаның құрамында келесідей компоненттер болды: праймерлер, ПТР жүргізу үшін буфері, MgCl 1.5 М, дизоксинуклеотидтрифосфат қоспасы dNTP және Тақ-полимеразасы.

Праймерлерді таңдау *M. Tuberculosis* spp бойынша қолда бар әдебиеттер негізінде алынды.

Әдебиеттер материалдарын өңдеу нәтижесінде туберкулез ауруының қоздырғышын анықтау үшін жұп праймерлерлі таңдап алдық. Vector NTI бағдарламасы көмегімен компьютерлік талдау негізінде таңдап алынған 2 жұп праймерлер талданды. Талдау нәтижесінде таңдалынған ПТР өнімдерін агароздық геледе электрофорез әдісімен зерттеу нәтижесінде біз ірі қара қанында ДНҚ вакцинасы бар екендігін көрсететін ерекше анық жолақтарды көре алмадық. ДНҚ ірі қара қанында 5-7 күн ағымында идентифирленді. Берілген кезеңнен кейін ірі қара қанында ДНҚ вакцинасы табылмады.

Зерттеу нәтижелері бойынша, Шыңғырлау ауданы "Ақжол" ЖШС-гіндегі 40 бас ірі қара полимеразды тізбектік реакцияны қолдану кезінде оң нәтиже бермеді.

Қорытынды. Полимеразды тізбектік реакция әдісін қолдану басқа әдістерге қарағанда көп уақытты қажет етпеді. Ветеринарияда бұл әдіс шығын көп кетірмей және уақыт жағынан тиімді болып отыр. Ғалымдардың айтуынша, гистологиялық, микробиологиялық, биологиялық әдістер жоғары нәтиже көрсетпей тұр. Сондықтан, «Полимеразды тізбектік реакциясы» деп аталатын қазіргі заманғы тәсілді қолдануды қажет деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Сайдуллин Т. С. Индеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары. – Алматы, – 2009. – 169-176 бет.

2 Туяшев Е. К. Дифференциальная диагностика туберкулеза рогатого скота. Развитие народного хозяйства в Западном Казахстане: потенциал, проблема и перспектива: Матер. междунар. конф., посвящ. 40-летию ЗКАТУ, Уральск, 2003. – С. 295-296.

- 3 Тургенбаев К. А. Диагностика туберкулеза животных: Алматы.: ТОО «LEM», 2001. – 141 с.
- 4 Кушалиев Қ. Ж. Ағзада БЦЖ вакцинасының туберкулез штаммының болу мерзімін анықтау үшін молекулярлық-биологиялық ПТР әдісін қолдану. – Орал, 2011.
- 5 Новак Д. Д. Туберкулез крупного рогатого скота. – Алма-Ата: Кайнар, 1984. – 155 с.
- 6 Сайдуллин Т. С. РСК для диагностики туберкулеза у крупного рогатого скота //Ветеринария. – 1981. – №11. – 24-26 бет.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о достижениях борьбы с туберкулезом крупного рогатого скота и о выявлении туберкулеза современным способом – полимеразной цепной реакцией.

RESUME

The article gives the description of cattle tuberculosis, achievements of the struggle against cattle tuberculosis and modern way of tuberculosis identification - application of polymerase chain reaction were presented.

Modern antitubercular actions, in particular application of polymerase chain reaction, allow preventing cattle diseases.

УДК 616.15:636.2:619

Г. Х. Джубанышева¹, ветеринария ғылымдарының магистрі, преподаватель,

А. К. Днекешев², ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент,

Ф. Б. Закирова², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

¹Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледж, Орал қ., ҚР

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

БҰЗАУЛАР ДИСПЕПСИЯСЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ТҮРІН ЕМДЕУ КЕЗІНДЕГІ КЕЙБІР ГЕМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Аннотация

Бұл мақалада бұзауларда диспепсияның қарапайым түрін симптоматикалық және фитотерапия әдістерін қолданып емдеу кезіндегі қанының кейбір морфологиялық өзгерістері мен лейкограммасының өзгерістеріне салыстырмалы баға берілгені туралы айтылады. Өсімдік тектес дәрілік зат ретінде 10%-дық Эраконда стерильді ерітіндісін қолданған кезде жоғары терапевтикалық әсер алынған.

Түйін сөздер: диспепсия, бұзау, емдеу, гематологиялық көрсеткіштер, 10%-дық Эраконда стерильді ерітіндісі.

Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысының етті-сүтті мал шаруашылық нысандарының төлдерді бөлек ұстап, қолдан сүт беру арқылы қоректендірілетін кешендерінде жаңа туылған бұзаулар арасында асқазан-ішек жолдарының жұқпалы емес ауруларының, соның ішінде диспепсияның қарапайым түріне көптеп шалдығуының салдарынан төлдер санының азайып келе жатырғаны байқалады.

Шаруашылықтарда аталған аурудың пайда болуының негізгі себептерінің біріне жаңа туылған төлдерді алу және өсіру технологияларының дұрыс сақталмауы деп айтсақ қате емес. Технологияның бұзылуы бұғанасы бекімеген жас төлдер ағзасына күшті стресстік фактор болып табылады. Қобалжу сатысында симпатoadреналин жүйесінің белсенуі жүреді, соның салдарынан ұлтабар ішінде тұз қышқылының бөлінуі азаяды. Ұлтабар ішінде азықтың қорытылуының бұзылуы салдарынан дұрыс қорытылмаған және шартты-патогенді

микрофлорамен көптеп зарарланған ұлтабар химусы ішек түтігіне түседі, ол өз кезегінде асқазан-ішек жолының дисбактериозының дамуына себеп болады [1, 2].

Бұзауларға диспепсиядан ем тағайындау кезінде аурудың келесідей ерекше белгілеріне және аурудың даму механизміне назар аудару қажет: ішек түтігінің кілегейлі қабығының қабынуы және анық білінетін дисфункциясы, дисбактериоз және ашу-шіру үрдістерінің дамуы, токсикоз, дегидратация және ағзаның табиғи резистенттілігінің төмендеуі.

Яғни, диспепсияны емдеу кешенді түрде жүргізілуі тиіс және оның ішіне қабынуға қарсы, микробқа қарсы препараттар, антитоксикалық терапия, ағзаның қорғаныш күштерін күшейту, су-тұз тепе-теңдігін қалпына келтіруге бағытталған шаралар кірістірілуі тиіс. Басқа емдеу құралдарымен қатар, олардан біршама қолжетімділігімен, улылығының төмен болуымен, әсер ету аясының кең болуымен және иммунодепрессивті әсерінің болмауымен ерекшеленетін өсімдік тектес заттарды қолдану ерекше назар аударуға тұрарлық болып саналады. Фитотерапия құралдарын антибиотиктермен және басқа да химиотерапевтикалық құралдармен қатар қолданған кезде олардың зиянды әсерін азайтып, емдік әсерін күшейтеді, дәрілік заттардың салдарынан туындайтын аурулардың алдын алады [3, 4, 5].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мүйізді ірі қара малының төлдеріне түрлі кешенді емдеу тәсілдерін қолдану бойынша тәжірибені сәйкес клиникалық белгілері бойынша ауру өтіп жатырған Тасқала ауданының «Ізденіс» шаруашылығында жүргізілді.

Тәжірибе жүргізу үшін семинтал тұқымы мен олардың будандарынан алынған бұзаулар аналогтар принципі бойынша екі тең топтарға (әрқайсысында 5 бастан) бөлініп алынды. Бұзаулар туылу мерзімі мен аурудың пайда болу уақытына қарай таңдалынып, бөлінді. Топтрады шоғырландыру кезінде ауруға ұшыраған бұзаулардың тіріле салмағы да есепке алынды. Екі топтың да жануарлары бірдей жағдайда ұсталынып, азықтандырылды.

1-ші (бақылау) тобының бұзауларын шаруашылықта қабылданған жоба бойынша емделді. Алдымен жануарларды құрғақ та жылы бөлмелерге ауыстырылды. Бірінші топтағы бұзаулар бақылау тобы ретінде алынды, оларға фуразилидон ішке 0,2 грамм түріндегі ұнтақ ретінде және бұлшық ет ішіне гентамицин сульфатын 3 мг/кг есебінде 2 мл-ден (1мл-40мг антибиотик) бұлшық ет ішіне, күніне 2 реттен, 5 күн бойы енгізу арқылы емдеу жүргізілді.

Екінші топтың бұзаулары емдік препарат ретінде Эраконда 10%-дық стерилді ерітіндісін 3 мл ерітіндіге 2 мл дистилденген су қосып беру арқылы күніне бір реттен, бес күн бойы берілді. Препаратты бұлшық ет ішіне енгізді, қолданар алдында ерітіндіні дене температурасына дейін жылытып алады. Препарат РФ патенттелген технология бойынша алынған металлорганикалық қосылыстар тобы болып табылады. Құрамында жасушалық құрылымдар мен ұлпалардың қалыпты жұмыс жасауын, ферменттердің түзілуін қамтамасыз ететін микро- және макроэлементтердің қажетті мөлшері болады. Өсімдік тектес, конденсацияланған Эраконда сығындысы полифункционалды әсер ететін препарат болып табылады (препаратты індетті, вирустық және бактериологиялық ауруар кезінде, гастриттер, ойық жаралы ауру, асқазан-ішек жолының аурулары т.б. кезінде тағайындалады).

Диспепсиямен ауыратын бұзаулардың барлық топтарында аурудың алғашқы белгілері байқалғаннан кейін уызбен кезекті емізу орынына натрий хлоридінің 0,9% жылы ерітіндісін береді. Содан кейін азықтандыру үшін уыз мөлшерін ауру бұзаудың жағдайына қарай 30-50%-ға азайтып берілді.

Бұзау ағзасының қуат қажеттілігін қолдап отыру үшін және интоксикациялануын азайту үшін 10 мг/кг мөлшерінде аскорбин қышқылының 10%-дық ерітіндісі қосылған глюкозаның 5%-дық ерітіндісін 1,5 мл/кг мөлшерінде көктамыр ішіне енгіздік. Сонымен қатар барлық топтардың бұзауларына ауру жануардың қорғаныш күштерін күшейту үшін тері астына тиамин бромидінің 5%-дық ерітіндісін күніне 1 реттен 1 мл мөлшерінде енгізіп отырдық.

Екі топтағы бұзаулардың қабылдайтын сұйықтығының тәуліктік мөшері 2-2,5 л дейін жетті. Барлық жануарларды тәжірибе жүргізу бойына үнемі клиникалық бақылауда ұстап отырдық. Сол арқылы жануардың жағдайына қарай емдеу барысына уақытылы өзгерістер енгізу мүмкін болып отырды. Жұқпалы этиологиялы аурулар шаруашылықта індетті аурулар кездеспейтіні туралы бактериологиялық зертхана қорытындысына сай жоққа шығарылды.

Барлық зертханалық жұмыстар БҚАТУ ғылыми орталығының зертханасында, ветеринарлық медицина және биотехнология факультетінің жұқпалы емес аурулар және

морфология кафедрасының зертханасында жүргізілді. Қан құрамындағы гемоглобин мөлшерін гемоглобинцианидті әдіспен анықтадық, эритроциттер мен лейкоциттер санын Горьев камерасында есептеп, лейкограммасын Романовский-Гимза бойынша боялған қан жағындыларынан 100 лейкоцитті санап алу арқылы есептедік.

Зерттеу нәтижелері. Бұзаулар өмірінің 2-4-ші күндері диспепсиямен ауыра бастады. Аурудың бастапқы сатысында бұзаулардың жалпы жағдайы қанағаттанарлық болды, кейбір бұзауларда ғана шамалы күйзеліс тіркелді. Жануарлардың дене қызуы 38,3...38,6 °С шамасында, тамыр соғысы минутына – 69,2...72,0 рет, тыныс алу қозғалысы минутына 25,8...30,8 рет шамасында болды. Екінші топтың жануарларында дене температурасы 38,5...38,9 °С шамасында, тамыр соғысы минутына – 65,3...76,2 рет, тыныс алу қозғалысының жиілігі минутына 21,2...26,5 аралығында болды.

Бұзаулардың клиникалық жағдайын талдай келе тамыр соғысында, тыныс алуы мен дене қызуының көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгешеліктер болмағанын, екі топта да ауру барысында және аурудан кейін де зерттелген көрсеткіштер физиологиялық қалыпты деңгей аралықтарында болғанын атап кеткен жөн.

Бұзауларда диспепсияның клиникалық суреттемесімен қатар қан құрамын да зерттедік. Қан құрамын жалпы клиникалық талдау кезінде зерттеудің бірінші күні тәжірибелік топтың бұзауларында емдеу мақсатында фуразолидон ұнтағын және гентамицин сульфатының 4 % ерітіндісі берілген бақылау тобымен салыстырғанда гемоглобин саны, эритроциттер мен лейкоциттер саны сияқты көрсеткіштері бойынша айтарлықтай айырмашылықтары болмағанын атап кетуге болады. Бұзаулардың клиникалық жағдайын талдай келе тамыр соғысында, тыныс алуы мен дене қызуының көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгешеліктер болмағанын, екі топта да ауру барысында және аурудан кейін де зерттелген көрсеткіштер физиологиялық қалыпты деңгей аралықтарында болғанын атап кеткен жөн.

Бұзауларда диспепсияның клиникалық суреттемесімен қатар қан құрамын да зерттедік. Қан құрамын жалпы клиникалық талдау кезінде зерттеудің бірінші күні тәжірибелік топтың бұзауларында емдеу мақсатында фуразолидон ұнтағын және гентамицин сульфатының 4 % ерітіндісі берілген бақылау тобымен салыстырғанда гемоглобин саны, эритроциттер мен лейкоциттер саны сияқты көрсеткіштері бойынша айтарлықтай айырмашылықтары болмағанын атап кетуге болады (1 кесте).

1 кесте – Диспепсияның қарапайым түрін емдеу кезіндегі гематологиялық көрсеткіштердің салыстырмалы динамикасы, (n=5)

Көрсеткіштер	Зерттеу күндері					
	1-ші күн		7-ші күн		14-ші күн	
	1 топ	2 топ	1 топ	2 топ	1 топ	2 топ
Гемоглобин, г/л	85,7	86,1	94,5	90,0	94,8	90,2
Эритроциттер, 10 /л	8,0	7,5	8,2	7,1	8,6	7,8
Лейкоциттер, 10 /л	7,5	6,7	7,2	6,1	6,5	6,8

Екі топтың да бұзауларынан алынған қанның морфологиялық құрамын зерттеу нәтижелерін талдай келе жануарларды емдеу барысында және бақылаудың 14-ші күні қан құрамындағы гемоглобиннің, эритроциттер санының көбейгенін татап кетуге болады, бұл ағзаның сусыздануының және қанның қойылуының белгісі болып табылады.

Бақылаудың жетінші күні қан көрсеткіштерінде өзгерістер байқалды. Гемоглобин мөлшерінің 90,0 г/л дейін шамалы көтерілгені, қан құрамында эритроциттер мөлшерінің 7,1 x 10 /л және лейкоциттердің 6,1 x 10 /л деңгейіне дейін азайғаны байқалды. Осыған қоса бірінші топтың жануарларының қан құрамындағы эритроциттер мен гемоглобин мөлшері біршама жоғарылады, бұл жағдайды бұзау ағзасының іш өтуі салдарынан сусыздануы және қанының қойылуының салдары деп санауға болады. Бақылаудың 1-ші күні біз 10%-дық Эраконда стерилді ерітіндісі берілген бұзаулардың қан құрамында гемоглобиннің, эритроциттердің және лейкоциттердің мөлшерінің шамалы жоғарылағанын тіркедік, бірақ та бірінші топпен

салыстырғанда айтарлықтай айырмашықтытары байқалмады (1 кесте).

Осымен қатар аталған топтағы жануарлардың қан құрамында лейкоциттер санының төмендегенін байқадық, бұл іш өтудің салдарынан лейкоциттердің нәжіспен бірге көп мөлшерде бөлінетінін көрсетеді.

Екі топтың да лейкограмма көрсеткіштерін талдай келе зерттеудің алғашқы күні нейтрофильдердің (жас, таяқша ядролы) көп мөлшерде болуын, моноцитоз, лимфоциттердің төмен мөлшерде болуын байқадық, бұл олардың уыз құрамында аз болуымен байланысты болуы мүмкін.

Әрі қарай зерттеудің 7-ші күні лейкограммада базофилдердің, эозинофилдердің, жас және сегментядролы нейтрофилдердің, лимфоциттердің біршама көбейгені, ал таяқша ядролы нейтрофилдер мен моноциттердің мөлшері азайғанын көреміз, бұл бұзаулардың жазылып келе жатырғанын көрсетеді. Уақыт өте келе, зерттеудің 1-ші күні таяқша ядролы, жас нейтрофилдердің және моноциттердің мөлшері жоғары бола тұра, лимфоциттер мөлшері төмен болды (2 кесте).

Тұтасымен алғанда лейкограмма көрсеткіштерінің динамикасы бойынша бақылау мерзімінің ішінде тәжірибелік топ пен бақылау тобының көрсеткіштері арасында айтарлықтай өзгешеліктер табылмады.

Екі топтың да жануарларында нейтрофильдік лейкоцитоз, лимфоцитопения және моноцитоз байқалғанына назар аударғанымыз жөн. Бұл ең алдымен ауруға ұшыраған бұзау ағзасының күшті токсикалық және антигендік жүктемеге ұшырайтынымен, соның салдарынан көп мөлшерде нейтрофилдердің бөлінуі жүретінімен байланысты болса керек, ал лимфоциттер иммунокомпонентті жасушалар болғандықтан ағзаға асқазан-ішек жолынан келетін антигендерге қарсы ағзаның күресуін күшейтетін стереотиптік жауабын жүзеге асыру үшін шығындалады. Сонымен қатар қан құрамында лимфоциттердің аз болуын оның уыз құрамындағы мөлшерінің де аз болуымен, соның салдарынан бұзауға қажетті мөлшерде келіп түспеуінен деп түсіндіруге болады.

2 кесте – Диспепсияның қарапайым түрін емдеу кезіндегі бұзаулардың қанының лейкограмма көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы, (n=5)

Көрсеткіштері	Зерттеу күндері					
	1-ші		7-ші		14-ші	
	1 топ	2 топ	1 топ	2 топ	1 топ	2 топ
Лейкограмма, %						
Базофилы	-	-	0,2	-	-	0,2
Эозинофилдер	0,5	0,8	0,6	0,2	0,4	-
Нейтрофилдер:						
- миелоциттер	-	-	-	-	-	-
- жастары	1,2	1,8	1,5	1,2	1,3	2,0
- таяқша ядролы	14,8	18,0	12,2	14,2	9,8	15,8
-сегментті ядролы	20,2	22,6	21,5	21,0	21,6	22,2
Лимфоциттер	53,0	49,2	55,0	56,6	61,2	55,8
Моноциттер	9,5	7,6	7,0	6,8	7,1	7,6

Осылайша, алынған мәліметтерді талдай келе 3 мл 10%-дық стерильді Эраконд ерітіндісін 2 мл дистилденген суға коса, ерітінді мөлшерінде күніне бір рет 5 күн қатарынан қолдану бұзаулар ағзасына қолайлы әсер ететінін көрсетті. Препаратты қолданудан келген емдік әсері бірінші топтың жануарларына қарағанда екінші топтың бұзауларында жоғары деңгейде екені анықталды.

Сәйкесінше, Эраконд өсімдік тектес конденсирленген сығындысы бұзауларда диспепсияның қарапайым түрін емдеу кезінде қолданылатын тиімді құрал деген шешімге келуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Карпуть И. М. Незаразные болезни молодняка /И. М. Карпуть, Ф. Ф. Порохов, С. С. Абрамов и др.; Под ред. И. М. Карпутия. – Мн.: Ураджай, 1989. – 204с.
- 2 Андросик Н. Н. Справочник по болезням молодняка животных /Н. Н. Андросик, М. В. Якубовский, Е. А. Панковец – Мн.: Ураджай, 1995. – 256 с.
- 3 Рабинович М. И. Лекарственные травы при желудочно-кишечных заболеваниях телят //Ветеринария. – 1988. – № 3. – С.16-21.
- 4 Короткова Н. И. Лекарственные травы в профилактике болезней новорожденных телят /Н. И. Короткова, Е. А. Батракова //Ветеринария. – 1988. – №1. – С.16.
- 5 Авакянц Б. М. Лекарственные растения в комплексном лечении телят при диспепсий //Ветеринария. – 1995. – № 11. – С.17-19.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается сравнительная оценка некоторых изменений морфологических показателей крови и его лейкограммы у телят при комплексной схеме лечения простой формы диспепсии, включающего в себя сочетание средств симптоматической и фитотерапии. Показан высокий терапевтический эффект применения стерильного раствора Эраконда в качестве лекарства растительного происхождения.

RESUME

This article examines the comparative evaluation of some morphological changes of calves' blood parameters and leukogram at complex treatment regimen of dyspepsia simple form, which includes a combination of symptomatic and herbal medicine means. The high therapeutic effect by using a sterile ERAKOND solution intramuscularly as herbal medicine was shown.

ӘОЖ 619:616.995.1

А. К. Жанбыршиева, магистрант,

Н. Т. Абекешев, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

БҚО ТАСҚАЛА АУДАНЫ «АТАМЕКЕН» ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕГІ «АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ-ЖҮНДІ БАҒЫТТАҒЫ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ» ҚОЙЛАРЫНЫҢ ГЕЛЬМИНТОЗДАРМЕН ЗАҚЫМДАЛУ ДЕҢГЕЙІ

Аннотация

Мақалада Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы «Атамекен» елді мекеніндегі «Ақжайық етті-жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой шаруашылығы» бойынша әр жастағы қойлардың асқазан-ішек жолдары гельминтоздармен зақымдалу дәрежесі баяндалады.

Түйін сөздер: *гельминтоз, зақымдалу, қой малдары.*

Бүгінгі таңда гельминттік, басқаша айтқанда құрт аурулары, алаңдаушылық туғызуда. Соның бірі – қой малдарының гельминтоздары.

Табиғи жағдайда гельминтоздармен мүйізді ірі қара малдар, қой малдары, жылқы және түйе ауырады.

Инфекциялық қоздырушы көзі – ауру малдар. Гельминтозды кезінде анықтап қолға алсақ, аурудың таралуын жоямыз. Шаруашылықта жыл сайын дегельминтизация жүргізіліп тұру қажет.

Қазіргі таңда гельминттік аурулар Қазақстанның кез келген жерінде кездеседі. Ауруды алып жүруші, ауруды таратушы паразиттер сан мыңдаған, тіпті адамның қасында жүретін

иттер мен мысықтардан да күдіктенуге болады. Солармен қалай күресуге, оның жолын қалай алдын алуға болады деген сұрақ туындайды. Әрине, бұл сұрақ мал ұстайтын барлық жанның көкейінде жүрген сұрақ.

Гельминтоз ауруы шаруашылықта малды жайылымға шығарған кезде пайда болады. Гельминтоздар көбіне күйіс қайыратын малда кездеседі, барлық елде кеңінен таралған, соның ішінде Қазақстанда.

Карибеков Е.Е. мәліметтері бойынша Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағында инвазияның экстенсивтілігі қозыларда 66,6%, 2 жастағы төлдерде 73,3%, ал ересек қойларда 44,5% стронгиляторды құрайды [1].

И.С.Сайфуллов мәліметі бойынша, ірі қара малының ассоцирленген инвазиясын анықтау үшін комплексті копроскопиялық (Республикадағы 14 шаруашылықтарға, 6 аудандарға, 1164 басқа) зерттеу жүргізілді. 722 сиырға короскопиялық зерттеу жүргізген кезде 341 жануар (47,3%) зарарланған болып шықты. Олар гельминттердің бірнеше түрімен 109 (31,6%) залалданған [2].

Қойылған мақсат: Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданына қарасты «Ақжайық етті – жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой шаруашылығындағы» қойлардың гельминтоздарының интенсивтілігі мен экстенсивтілігін сараптап, тиімді күрес шараларын анықтап ұсыну.

Өзіндік зерттеулер мен әдістер: Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының «Атамекен» ауылында орналасқан ақжайық етті – жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой шаруашылығында 45 бас қойлардың, яғни 15 қой – 6 жаста, 15 қой – 2 жаста, 15 қой – бір жасқа дейінгілер – асқазан мен ішек жолдарындағы гельминтоздарын анықтау мақсатында толық гельминтологиялық жарып сою жүргізілді. Жануарлардың азық қорыту мүшелерінің ортанғы және артқы бөлімдері, яғни аш және тоқ ішектер топтарын жуып шаю әдісін қолдана отырып, зерттеулер жүргізілді (Скрябин ұсынған әдіс бойынша).

Қойлардың ішек-қарындарын мұқият тексеру үшін жануарлардың құрсақ қуысын толық гельминтологиялық жарып сою арқылы ашып, қуыс-қуысына жиналған қанды зер салып қарайды.

Қойлардың шажырқайындағы жылауықтар да (күлдіреуік) жинап алынды.

Асқазан, ащы ішек, бүйрек, тоқ ішекті маймен шажырқайдан тазартқан соң әрқайсысының бір-бірімен ұштасқан жерлерін жіппен байлап бөліп алып, әрбірін ыдыстарға бөліп салады.

Өңешті өзегін байлап купер қайшысымен кесіп ішкі қабығын айқара ашып, сумен 1-2 рет шайып кілегейлі қабығының астынан жұмырқұрт іздестіреді.

Асқазанды, ащы ішекті, бүйрек, тоқ ішекті жеке-жеке қайшымен жарып, ішіндегі сұйық затты әрқайсысына алдын-ала дайындап қойған ыдыстарға құяды, әрбір бөліктің кілегей қабығын анатомиялық қысқашпен қырып, оны да шайындымен араластырады. Әрбір органның қоймалынан үстіне су қосады, оны әбден былғап араластырады, тұндырады. Кейін тұнбаның бетіне кілкіп шыққан суды төгіп тастап, қайта су құйып шаяды (бірнеше рет, мөлдір тұнық болғанша).

Сөйтіп, біртіндеп шаю әдісімен су мөлдір болғанша тазалайды. Кейін шөгіндіден көзге көрінер жұмыр және таспа құрттарды жинап алып, тұнбаны аз-аздан қарап, қара түсті астаушаға қойып, жарыққа тосып, лупа немесе МБС микроскопымен тексереді (К. И. Скрябин бойынша) [3].

Тік ішекті және күйіс қайыратындардың қосымша қарындарын жинап, ішіндегісін төңкеріп тастап, сумен шайып, ішкі қабығын жай көзбен шолып шығады.

Нәтижесінде 6 жастағы қойдан стронгилятоз жұмыртқалары табылып, инвазияның экстенсивтілігі (ИЭ) 41,1%, ал инвазияның интенсивтілігі (ИИ) 26,2 дана стронгилятоз жұмыртқалары анықталды. Сонымен қатар басқа да инвазиялық аурулардың жұмыртқалары кездесті: 6 жастағы қойдан инвазияның экстенсивтілігі (ИЭ) 7,5%, ал инвазияның интенсивтілігі (ИИ) 45,2 дана диктиокаул, 6 жастағы қойдан инвазияның экстенсивтілігі (ИЭ) 33,1%, ал инвазияның интенсивтілігі (ИИ) 8,3 дана монезия, 6 жастағы қойдан инвазияның экстенсивтілігі (ИЭ) 8%, ал инвазияның интенсивтілігі (ИИ) 5 дана трихоцефал, 6 жастағы қойдан инвазияның экстенсивтілігі (ИЭ) 16,0% , ал инвазияның интенсивтілігі (ИИ) 51,2 дана нематодтар. Ал 2 жастағы қойлардан стронгилятоз (ИЭ) 50,1%, (ИИ) 24,2 дана, 1 жастағы қойдан стронгилятоз (ИЭ) 41,1%, (ИИ) 10,2 дана, диктиокаул (ИЭ) 75,0%, (ИИ) 27,1 дана, монезия (ИЭ) 84,4%, (ИИ)

10,1 дана; трихоцефал, нематодтар (ИЭ), (ИИ) табылған жоқ. Орташа көрсеткіштері стронгилятоз (ИЭ) 44,1%, (ИИ) 20,2 дана, диктиокаул (ИЭ) 80,0%, (ИИ) 30,2 дана, монезия (ИЭ) 30,6%, (ИИ) 10,2 дана, трихоцефал (ИЭ) 8,0%, (ИИ) 7,5 дана, нематодтар (ИЭ) 12,0%, (ИИ) 17,6 дана.

Зерттеу нәтижелері.

1 кесте – «Ақжайық етті-жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой шаруашылығы» қойларының гельминттермен зақымдалуы (гельминтолярвоскопия мәліметтері бойынша)

Гельминттердің түрлері	6 жастағы қойлар		2 жастағы қойлар		Бір жасқа дейінгілер		Орташа көрсеткіш	
	ЭИ, %	ИИ, дана	ЭИ, %	ИИ, дана	ЭИ, %	ИИ, дана	ЭИ, %	ИИ, дана
Диктиокаул	75,0	45,2	90,0	18,2	75,0	27,2	80,0	30,2
Монезия	33,1	8,3	50,1	11,3	8,4	10,1	30,6	10,2
Трихоцефал	8,0	5	8,0	10,2	-	-	8,0	7,5
Нематодтар	16,0	15,2	8,0	20,0	-	-	12,0	17,6
Стронгиляттар	41,1	26,2	50,1	24,2	41,1	10,2	44,1	20,2

Қазақстанның батыс аймақтарында жануарлардың паразитарлық аурулары кең таралған. Барлығы әр жастағы 45 бас қой зерттелді. Сәйкесінше стронгилятоздар ИЭ – 44,1%, ИИ – 20,2 дана, диктиокаулдер ИЭ – 80,0%, ИИ – 30,2 дана, монезиялар ИЭ–30,6%, ИИ –10,2 дана, трихоцефалдар ИЭ – 8,0%, ИИ – 7,5 дана, нематодтар ИЭ – 12,0%, ИИ – 17,6 дана. Зерттеу барысында БҚО «Ақжайық етті-жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой шаруашылығы» қойларында асқазан-ішек жолдары гельминтоздарының көптеген түрлері кездесетіндігі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Карибеков Е. Е. К эпизоотологии желудочно-кишечных стронгилятозов на юго-востоке. Вести науки Каз. аграрн. ун-та С. Сейфуллина. – 2002. – № 5. – С. 114-117.
- 2 Сайфуллов И. С. Гельминтологическая оценка методов выращивания молодняка крупного рогатого скота /И. С. Сайфуллов //Автореф. дисс. канд. вет.наук. – М., 1969. – 16 с.
- 3 Скрябин К. И. Гельминтозы крупного рогатого скота. /К. И. Скрябин, Р. С. Шульц //Сельхозгиз. М. – 1937. – 724 с.
- 4 Абуладзе К. И. Празиология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных /К. И. Абуладзе, С. И. Никольский, Н. А. Колабский [и др.]. – М.: Колос, 1975. – 390-391 с.
- 5 Акбаев М. Ш. Празиология и инвазионные болезни животных /М. Ш. Акбаев, Ф.И.Василевич, Т. В. Балагула, Н. К. Коновалов. – М.: Колос, 2001. – 276-278 с.

РЕЗЮМЕ

В статье показана степень пораженности гельминтозами желудочно-кишечного тракта овец различной возрастной группы племхоза ЗКАТУ им. Жангир хана Таскалинского района Западно-Казахстанской области.

RESUME

The affected degree of gastrointestinal path of various age group sheep with helminthiasis in Zhangir khan WKATU, Taskalinsky area of West Kazakhstan region was shown in the article.

УДК 619:615.733

М. А. Исаев, аспирант

Кыргызский национальный аграрный университет им. К. И. Скрябина, г. Бишкек, Кыргызская Республика

ИЗУЧЕНИЕ АЛЛЕРГИЗИРУЮЩИХ СВОЙСТВ АСМЕГУМА

Аннотация

При пероральном введении асмегума–антигельминтного препарата, разработанного на основе новых комплексных производных бензимидазолкарбаматов, в терапевтической и пятикратной увеличенных дозах не потенцирует действие гистамина. Не отмечается укорачивание периода наступления гистаминного шока у морских свинок. Следовательно, препарат не обладает аллергизирующими свойствами.

Ключевые слова: аллергия, асмегум, антигельминтик, бензимидазолкар-бамат, гистамин.

Многие лекарственные препараты в лечебных дозах вызывают реакции организма аллергического характера [1]. Антигельминтики не являются исключением в этом ряду [2]. При аллергических явлениях считается доказанным, что в организме происходит образование или высвобождение биологически активных веществ гистаминного или аналогичного действия [3]. Подтверждением последнего является успешное применение антигистаминных препаратов при лечении заболеваний, имеющих аллергическую природу [4].

Поэтому изучение аллергенной активности вновь разработанных химиотерапевтических препаратов, в том числе и антигельминтиков, является необходимым требованием перед их внедрением в практику. Это предотвратит потенциальную опасность загрязнения внешней среды различными аллергенами, вызывающими подчас серьезные нарушения в жизнедеятельности живых организмов.

В этой статье мы представим данные экспериментальных исследований по изучению нового антигельминтного препарата асмегума (Патент №1568. Кыргызпатент, 31.07.2013 г.), проявляющего высокую антигельминтную эффективность при кишечных гельминтозах овец [5].

Материалы и методы. Для выявления аллергенных свойств лекарственных препаратов применяются широкий набор методов (кожная проба, лейкопенический индекс, эозинофилия в крови, число тромбоцитов в крови, непрямая реакция дегрануляции тучных клеток и др.).

Наиболее приемлемым и широко применяемым методом является тест “гистаминного” шока, выполняемый на морских свинках, являющихся наиболее чувствительными к действию аллергена видов лабораторных животных.

Тест «гистаминного шока» успешно был использован рядом исследователей [6].

Опыты проводили на 50 морских свинках с массой тела 190-220 г. Гистамин вводили подопытным и контрольным животным подкожно в дозе 5 мг/кг в 0,5 % - ном водном растворе. Подопытным животным за 1, 3, 6 и 24 часа до введения гистамина перорально давали асмегум в виде водной суспензии в терапевтической (50мг/кг) и 5 раз превышающей дозе (250мг/кг). Наблюдения вели в течение 6-8 часов, отмечая время наступления гистаминного шока и реакцию на введение.

Гистаминный шок у всех морских свинок, получивших подкожно по 5 мг/кг гистамина, характеризовался следующим симптомокомплексом: через 5-6 минут после введения свинки забеспокоились, фыркали, кашляли, дыхание стало поверхностным, учащенным с затрудненным выдохом. Отмечали непроизвольный диурез и дефекацию, животные начали метаться по клетке. Далее наступали судороги, парез задних конечностей и свинки валились на бок. После опытов свинки быстро приходили в нормальное состояние.

В этих опытах мы учитывали время наступления гистаминного шока и степень его тяжести. Критерием оценки служило время от момента введения гистамина до момента принятия животными бокового положения.

Результаты и их обсуждение. Результаты опытов показывают (таблица 1), что при введении асмегума в терапевтической дозе (50 мг/кг) за 1 час до введения гистамина, гистаминовый шок наступает в среднем через $21,55 \pm 0,41$ минут, за 3 часа $20,20 \pm 0,25$ минут, за 6 часов $21,35 \pm 0,32$ минут и за 24 часа $21,50 \pm 0,40$ минут. При введении асмегума в пятикратно превышающей дозе (250 мг/кг) за 1 час до введения гистамина, шок наступил в среднем через $21,56 \pm 0,37$ минут, за 3 часа – $20,11 \pm 0,32$ минут, за 6 часов – $21,56 \pm 0,51$ минут и за 24 часа – $21,56 \pm 0,28$ минут.

Таблица 1 – Результаты изучения аллергенного действия асмегума (морские свинки)

(n=6)

Группы	Доза, мг/кг	Время введения препарата после введения гистамина	Время наступления гистаминного шока, минут	
			M ± m	P
Первая	50	1	$21,55 \pm 0,41$	> 0,05
		3	$20,20 \pm 0,25$	
		6	$21,35 \pm 0,32$	
		24	$21,50 \pm 0,40$	
Вторая	250	1	$21,46 \pm 0,37$	> 0,05
		3	$20,11 \pm 0,32$	
		6	$21,56 \pm 0,51$	
		24	$21,56 \pm 0,28$	
Третья	контроль		$21,53 \pm 0,33$	

У контрольных животных время наступления гистаминного шока равнялось соответственно $21,53 \pm 0,33$ минут. Во всех случаях различие показателей недостоверно ($P > 0,05$).

Таким образом, препарат не потенцирует действие гистамина, поэтому не отмечается укорачивание периода наступления гистаминного шока при его введении в терапевтической и пятикратно увеличенной дозах, что свидетельствует об отсутствии у препарата аллергизирующих свойств.

Закключение. Новый отечественный антигельминтик асмегум при пероральном введении в терапевтической и пятикратной увеличенной дозах не проявляет аллергизирующего действия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Шорин В. А. Аллергия к лекарственным веществам /В. А Шорин.– М.,1962. – С. 6-42.
- 2 Веселова Т. П. Проблемы Фармакологии и токсикологии антигельминтиков в ветеринарии /Т. П. Веселова //Итоги науки и техники. Серия: Животноводство и ветеринария. - М. ВИНТИ. – 1978. – Т. 10. – С.92-100.
- 3 Адо А. Д. Общая аллергия /А. Д. Адо.- М.: Медицина. – 1978. – 426 с.
- 4 Сакенян Н. А. Аллергические болезни. /Н. А. Сакенян. –Минск. “Беларусь”, 2000. – С. 9 - 35.
- 5 Исаев М. А. Эффективность новых комплексных соединений бензимидазолкарбаматов при гельминтозах овец /М. А. Исаев, Н. А. Байсеркеева, М. А. Арзыбаев //Вестник КНАУ им. К. И. Скрябина, – Бишкек, 2012, – №5. – С. 92 – 96.
- 6 Арзыбаев М. А. Разработка антигельминтных средств из местного сырья и изучение их фармако-токсикологических свойств /М. А Арзыбаев.: Дис. докт. вет. наук. – М., 2006. – С. 121 - 135

ТҮЙІН

Жаңа кешенді туынды бензимидазолкарбаматтар негізінде жасалған асмегума-антигельминтик препаратын ауыз арқылы терапевтік және бес есе көбейтілген мөлшерде енгізгенде, гистаминнің әсерін арттырмайды. Теңіз шошқаларында гистаминдік есендіреудің басталу кезеңінің қысқаруы байқалмайды. Сондықтан препараттың аллергиязиялаушы қасиеті болмайды.

RESUME

At peroral application of asmegum – anthelmintic preparation developed on the basis of new complex derivatives of benzimidazole-carbamates, in the therapeutic and fivefold increased doses does not exponentiate histamine action. The period shortening of histamine shock approach at guinea pigs is not noted. Therefore, the preparation does not possess allergenic properties.

ӘОК 619:615.37

К. Ж. Кушалиев, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор,

А. А. Губайдуллина, магистрант,

А. К. Мулдашева, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ВАКЦИНАЛАР МЕН ИММУНОМОДУЛЯТОРЛАРДЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖАНУАРЛАР АҒЗАСЫНДАҒЫ ИММУНОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Аннотация

Мақалада бруцеллез ауруы кезінде вакциналар мен иммуномодуляторларды қолданудағы зертханалық жануарлар ағзасындағы иммуноморфологиялық өзгерістер суреттелген. 82-ПЧ бруцеллалар штаммының вакцинасымен егілген теңіз шошқаларының мүшелері мен ұлпаларындағы ерекше айқын иммуноморфологиялық және патогистологиялық өзгерістерді зерттеу туралы ақпарат қарастырылған. Бруцеллезге қарсы шаралар кешенінің негізгі факторы ретінде жеткілікті тұрақтылыққа ие және теріс нәтижелерге әкеліп соқтырмайтын белсенді иммунитетті құру үшін спецификалық заттар қолданылады.

Түйін сөздер: 82-ПЧ бруцелла штаммы, макрофаг, фагоцитоз, тимоген, натрий тиосульфаты.

Зерттеу өзектілігі: Еліміздің көптеген аудандарында экономикалық зиян тигізумен қатар адамдардың денсаулығына кесірін тигізетін бруцеллезді инфекция мәселесі өзекті болып табылады [1]. Бруцеллезге қарсы шаралар кешенінің негізгі факторы ретінде жеткілікті тұрақтылыққа ие және теріс нәтижелерге әкеліп соқтырмайтын белсенді иммунитетті құру үшін спецификалық заттар қолданылады [2]. Ауыл шаруашылық жануарлар бруцеллезінің кең таралуының қауіптілігі вакцинделген жануарлар ағзасының иммунологиялық қайта құрылуына әсерін тигізетін иммуномодуляторлардың ерекшеліктерін зерттеу және бар вакциналардың нәтижелілігін арттыру жолымен бұл инфекцияның спецификалық профилактикасын жетілдіруді талап етеді [3].

Зерттеу мақсаты: вакциналар мен иммуномодуляторларды қолданудағы зертханалық жануарлар ағзасындағы иммуноморфологиялық өзгерістерді зерттеу.

Зерттеу материалдары ретінде тәжірибеде клиникалық сау зертханалық жануарлар қолданылды. Жалпы саны – 25 теңіз шошқасы. Иммунизациялауға *B. abortus* 82-ПЧ вакциндік штамдарының бруцелла культуралары пайдаланылды. Вакцинацияны жамбастың ішкі жағынан тері астына 2 мл көлемде жүргізеді. 82-ПЧ бруцелла штамдары вакцинасын иммуномодуляторлармен қоса пайдаланғандағы әсерін зерттеу үшін натрий тиосульфаты, 0,01 %-ті ерітінді түріндегі тимоген, 1 %-ті ерітінді түріндегі дибазол препараттары зерттелді. Зерттеулер әрбіреуінде бес жануарлары бар бес топ теңіз шошқаларының материалдарында жүргізілді. Бұл үшін тәжірибе жасалатын 25 теңіз шошқасы 5 топқа бөлінді – 1 топтағы 5 теңіз шошқасы 82-ПЧ штаммымен, 2 топтағы 5 – тимогенмен қоса осы штаммен, 3 топтағы 5 теңіз шошқасы – натрий тиосульфатымен, 4 топтағы 5 теңіз шошқасы – дибазолмен иммунизирленді. Бесінші топ интактты болып қалып, бақылау ретінде қолданылды. Жұмыс

жарып сойылған теңіз шошқаларының мүшелері мен ұлпаларын гистологиялық кесінділерді дайындап зерттеу арқылы жүргізілді (тәжірибе схемасы 1–ші кестеде көрсетілген).

Гистологиялық препарат – бұл микроскопиялау арқылы құрылымын анықтауға мүмкіндік беретін, ұлпалар мен мүшелерден дайындалған объект. Ол мүшелердің жіңішке кесіндісі, жағынды немесе мүшелердің таңбасы ретінде алынуы мүмкін.

1 кесте – Жүргізілген зерттеулер схемасы

Топ	Саны (бас)	Вакцинация жиілігі	Вакцина және мөлшері (млрд м.к.)	Жарып сою (тәуліктен кейін)
1	5	Бір рет	82-ПЧ (10)	60
2	5	Бір рет	82-ПЧ (10)+Т	60
3	5	Бір рет	82-ПЧ(10)+Тн	60
4	5	Бір рет	82-ПЧ (10)+Д	60
5	5	Бір рет	-	60

Объектілерді гистологиялық препаратты алу мақсатында өңдеу бірнеше сатыдан құралады:

1. Материал алу;
2. Фиксациялау;
3. Сусыздандыру және тығыздау;
4. Тығыз орталарға құю;
5. Срездер дайындау;
6. Бояу;
7. Микроскопиялық зерттеу.

Патологиялық материал (өкпе, жүрек, бауыр, бүйрек) ұсақтап кесіліп, жіптерге бекітіліп, колбаларға салынды да, үстінен формалиннің 15% ерітіндісі құйылып, екі күнге қалдырылды. Уақыты өткен соң формалин төгіліп, материал кесектері дәкеге оралып, ағынды су астында шайылып, бір күн сонда тұрды. Бұл – материалды алу және оны формалиннің 15% ерітіндісімен фиксациялау деп аталады.

